



Ережесі.

1. Жалпы ережелер

Балабақшаның қамқоршылық кеңесінің бұл ережесі оқу-тәрбие үрдісінің жақсаруын арттыруға, барлық кеңестерінің мүшелерін балабақшаның іс-шараларын ұйымдастырып, қатыстыртуға, өзін-өзі басқару жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылып, қабылданды.

2. Қамқоршылық кеңесінің мақсаты мен міндеттері:

2.1. Қамқоршылық кеңесі балабақшада оқыту және тәрбие жұмысында, материалды-техникалық базасын қамтамасыз етуді және оқу-тәрбие мен инновациялық үрдісті жақсартуға септігін тигізуге құрылған.

2.2.Қамқоршылық кеңестің міндеттері:

- білім жүйесінде оқыту мен тәрбие үрдісінің жұмысын жақсартуға жағдай жасауға ықпал ету;
- тәрбиеленушілер, ата-аналар және тәрбиешілер арасындағы біріккен жұмысқа жайлы жағдай жасау;
- тәрбиеленушілер арасында шығармашылық, интеллектуалдық және рухани қабілеттерін арттыруға жағдай жасау;
- мектепке дейінгі ұйымның материалды-техникалық базасын нығайтуға ықпал ету;
- мектепке дейінгі ұйымға бюджеттен тыс түскен қаражат және материалды көмегінің тиімді қолдануын қадағалау;

2.3.Қамқоршылық кеңес өз қалауымен, тең құқылы, заңды, ашықтықта еркіндік ұғымымен жұмыс істейді.

3. Қамқоршылық кеңесінің жүйесі.

3.1 Қамқоршылық кеңесінің құру тәртібі және оның мүшелерін сайлау балабақша әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.

3.2 Қамқоршылық кеңестің мүшелерінің саны 9 /тоғыз/ адамнан аспауы қажет.

3.3 Қамқоршылық кеңестің құрамына: Балабақша оқушыларының ата-аналары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, компания, интеллектуалды мектептер меңгерушілері, жеке кәсіпкерлер мен ғылыми орта, баспасөз қызметкерлері, педагогикалық қызметкерлер, мектептің дамуына және дамытуға құлықты адамдар кіре алады.

3.4 Қамқоршылық кеңестің өкілеттілік мерзімі 3 жыл.

Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жұмысы мерзімінен бұрын қамқоршылық кеңестің мүшелерінің сұрауы бойынша, өз міндеттерін денсаулықтарына байланысты орындай алмай және орындамаған жағдайда, қамқоршылық кеңестің жазбаша түрде мәлімдеген кезде аяқталуы мүмкін.

3.5 Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңестің отырысына білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары қатысады.

3.6 Қамқоршылық кеңестің отырысында ашық дауыс беру жолымен дауыстар басымдылығымен сайланатын оның төрағасы қамқоршылық кеңестің басшысы болып табылады.

3.7 Мемлекеттік органдардың өкілдері Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып сайланбайды және оның міндеттерін жүзеге асырмайды.

3.9 Төраға Қамқоршылық кеңестің атынан әрекет етеді және осы Қағидаларға сәйкес оның қызметін қамтамасыз етеді.

3.10 Қамқоршылық кеңестің хатшысы болып балабақша қызметкері тағайындалады, ол қоғамдық бастама ретінде өз құзырындағы жұмысты бақылап, отырыстарды дайындап өткізуге, қамқоршылық кеңес отырыстарының материалдарын қамтамасыз етеді, материалдарды басқалардың көруіне бақылау жасайды.

4. Қамқоршылық кеңестің құқықтары:

4.1. Тәрбие жұмысының жоспарына өз ұсыныстарын енгізуге;

4.2 Тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелердің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

4.3. Оқу- тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы туралы балабақша әкімшілігінің есебін, бюджеттік емес кірістердің қолданылуы туралы есептерді тыңдауға;

4.4. Балабақшаның оқу-тәрбие үрдісіне қатысуға; бюджет қалыптастыру барысында ұсыныстар әзірлейді: білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер немесе толықтырулар әзірлеуге ұсыныстар жасайды. Конференция, семинарларға, кеңестерге қатысады; балабақша жұмысының есебін тыңдауға құқылы.

4.5. Бюджеттік және бюджеттік емес кірістердің қолданылуы туралы құжаттармен танысуға және ұсыныс жасауға; қайырымдылыққа келген қаражатты бөлуге және мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды.

4.6. Жетім және қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлейді; мекемедегі кемшіліктерді жою ұсыныстарын енгізеді.

4.7. Қор құруға, қамқоршылық кеңесінің финанстық кірістері Қазақстан Республикасының заңына қарсы келмейтін өз еркімен жеке және заңды тұлғалардан түскен қаржыдан тұрады;

4.8 Орта білім беру ұйымдары басшысының лауазымына үміткерлермен әңгімелесу қорытындысы бойынша хаттамалық шешім шығарады және келіседі.

5. Қамқоршылық кеңес отырысының өткізілу тәртібі:

6.1 Қамқоршылық кеңесінің отырысы кварталына бір рет өткізіледі;

6.2 Қамқоршылық кеңесінің отырысы оның төрағасымен, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен, балабақша әкімшілігімен шақырыла алады;

6.3 Шақыру тәртібі және қамқоршылық кеңесінің отырысының өткізілуі балабақша әкімшілігінің бұйрығымен бекітіледі;

6.4 Қамқоршылық кеңесінің отырысы, егер оның барлық мүшелері отырыс өткізілетін уақыты мен жерін хабарланған уақытта толық қанды деп есептеледі;

6.5 Дауыс беруде қамқоршылық кеңесінің әрбір мүшесінде бір дауыстан бар. Егер дауыс беру тең жағдайда болғанда шешуші дауысты қамқоршылық кеңесінің төрағасы өз даусымен шешеді;

7. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

7.1 Қамқоршылық кеңесінің төрағасы бірінші отырыста құпия дауыспен сайланады. Сайлану уақыты 3 жыл

7.2 Құқықтары:

- өз міндеттерін қоғамдық бастама ретінде жүргізеді;
- жергілікті басқару органдары, ұжымдар, ұйымдармен араласып, олардың алдында қамқоршылық кеңесін ұсынады;
- қамқоршылық кеңесінің жұмыстарын ұйымдастырады, басқарады
- қамқоршылық кеңесінің қабылдаған шешімдеріне қол қояды
- қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы жылдық есебін дайындайды
- балабақша әкімшілігімен байланыста болады.

8. Қамқоршылық кеңестің мүлкі мен қаржысы

8.1. Қамқоршылық кеңестің қаржысы оның мақсаттары мен міндеттеріне сай жұмсалады;

8.2. Жұмсалған қаржы туралы оның салымшыларын ақпараттандырып отырады;

8.3. Педагог пен балалардың жақсы көрсеткіштері үшін және интеллектуалды, шығармашылық сайыстардағы нәтижелері бойынша сыйлықтар бере алады.

№27 «Ақбота» бөбекжай бақшасының Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары.

2019 ж.

р/с	Өткізілетін іс-шара	Мақсаты	Күтілетін нәтиже	Жауапты	Өткізілетін күні	Жұмыстың мазмұны	Қайда қаралды
1	Қамқоршылық кеңесінің іс-шаралар жоспарын және қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту. Төрайым тағайындау. Жеке банк шотын ашу.	Балабақшаның тиімді жүргізу үшін жағдай жасау.	Балабақшаның жұмысын тиімді жүргізу үшін жағдай жасалады.	Балабақша әкімшілігі. Ата-аналар, өкілдер	01.03.2019	жоспар	Жиналыста хаттама
2	Бөбекжай-бақшаға демеушілер іздестіру.	Материалдық базасын нығайту.	Материалдық базасы жақсарады.	ҚК төрайымы, мүшелері	үнемі	жоспар	Басқа мекемелерге хатпен шығу
3	Экологиялық тәрбие бағытындағы жұмыс жасауға	Бақшаға жылыжай жасақтау, шаруақты көгалдандыру.	Экологиялық тәрбие бағытындағы жұмыс алға басады	Ата-аналар, ҚК мүшелері, әкімшілік	үнемі	жоспар	



ықпал ету, көмектес у.								
4	Қиын топқа жататын балаларды анықтау, олармен жұмыс жасау, дәрігерлер көмегіне жүгіну, ата-аналармен жұмыстар жүргізу.	Қиын топқа жататын балаларды анықтау, олармен жұмыс жасау, дәрігерлер көмегіне жүгіну, ата-аналармен жұмыстар жүргізу.	Балалардың денсаулықтарын нығайту, көмек көрсету.	психолог	Жоспар бойынша	Тізімін жасау анықтау	анықтама	
5	«Кім жылдам» спорттық сайысы	Балалардың денсаулығын нығайту, спортқа құштарлығын дамыту. Балаларды мадақтау, сыйлық тарту	Дендері сау, шыныққан балалар өседі.	ҚК; Бақша ұжымы	Бақша жоспары бойынша	Сайыс балалар арасында, мектеп арасында, ата-аналар арасында	Анықтама	
6	«Қош келдің Наурызым» ертеңгілігі	Қазақ халқының салт-дәстүрінің тәрбиелік мәнін балаларға түсіндіру; отаншылдыққа, патриотизмге тәрбиелеу. Саз залын безендіруге, шараны өткізуге көмектесу	Өз Отаның, елін сүйетін, қадірлейтін азаматтарды тәрбиелеу	Тәрбиешілер, ата-аналар, ҚК мүшелері	Бақша жоспары бойынша Наурыз айы	Ертеңгілік	Тәрбиешілердің сценарилері бойынша анықтама	
7	«Әкем шешем және	Жан ұямен өткізілетін спорттық сайыс, мадақтау	Жан ұялық сүйіспеншілік, бі	Тәрбиешілер, ата-аналар, ҚК	Бақша жоспары	Спорттық сайыс	Тәрбиешілердің	

	мен»	қағаздары т.б.марапаттар	рлікке тәрбиелеу	мүшелері	ы бойынш а		сценарилері бойынша анықтама
8	Отбасы күні. «Егіздер сайысы»	Отбасы мен бақшаны сабақтастыру, тәрбие мен білімді тек бірігіп беру керектігін ата-анаға жеткізу,ҚК шараны өткізуге, залды безендіруге, марапатауға көмектесу	Бүтін , бақытты отбасы.Бақытты балалар.	Тәрбиешілер, ата-аналар,ҚК мүшелері	Бақша жоспар ы бойынш а	шара	анықтама
9	«Қайырымд ылық акциясы»	Жетім, жағдайы төмен от басыларын көмек көрсету	Жағдайларын жақсарту.	Тәрбиешілер, ата-аналар,ҚК мүшелері	1 маусым	шара	анықтама
10							